

**«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ**  
**диссертациялық кеңесінің мамандарды даярлау бағыты бойынша**  
**8D081 «Өсімдік шаруашылығы» және 8D083 «Орман шаруашылығы» жұмысы**  
**туралы есебі**

**1. Өткізілген отырыс саны туралы деректер.**

2022 жылы Диссертациялық кеңестің 4 отырысы өткізілді, оның ішінде 1 (бір) докторлық диссертация қорғалды.

Кеңес құрамы туралы бірінші ұйымдастыру отырысы (22.02.2022 ж., №1 хаттама); Б.М. Мусаеваның докторлық диссертациясын қабылдау және диссертациялық кеңестің уақытша құрамын бекіту туралы екінші отырысы (18.03.2022 ж., № 2 хаттама); докторант Б.М.Мусаеваның диссертациясын қорғауға қабылдау бойынша толық құрамда, оның ішінде кеңестің уақытша мүшелерін қосқанда үшінші ұйымдастыру жиналысы (28.03.2022 ж., №3 хаттама); Б.М.Мусаеваның диссертациясын қорғау бойынша төртінші отырыс (29.04.2022 ж. № 4 хаттама)

**2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).**

Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері анықталмады.

**3. Оқу мекемесі көрсетілген докторанттар тізімі.**

1. Докторант Мусаева Биназир Мухтарханқызы «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ

**4. Есептік жыл ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау, келесі бөлімдерді бөліп көрсету:**

1) *қарастырылатын жұмыстардың тақырыптарын талдау;*

Мусаева Биназир Мухтарханқызының «Павлодар облысы МОТР «Ертіс орманы» қарағайлы алқа ағаштарының жағдайына орманшылық баға беру және зиянкестердің әсері» атты диссертациясының тақырыбы өзекті болып табылады, өйткені ол орман екпелерінің энтомологиясын зерттеумен, диссертацияда ағаш екпелерін зиянкестерден қорғау, орманды қалпына келтіру жолдары қарастырылған.

2) *диссертациялар тақырыптарының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құратын ғылымның даму бағыттарымен байланысы және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар;*

Докторант Б.М.Мусаеваның ғылыми жұмыстары 2016-2019жж. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен «Ертіс орманы» МОТР РММ арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық туралы Келісім шарт негізінде жүргізілді (22.04.2014 ж.).

3) *диссертациялардың нәтижелерін тәжірибеге енгізу деңгейін талдау.*

Ізденуші Б.М.Мусаеваның зерттеулерінің нәтижесінде, зиянкес түрлік құрамы, өрттен кейінгі аландарда, жел сұлатпа, әлсіреген екпелерде анықталған. *Acantholyda posticalis*- әлсіреген екпелерде кездесетін, ең көп таралған зиянкестер. Қазіргі таңда олар әсіресе жас екпе қарағайларға, сырғауылдарға едәуір зиян келтіруде. Олар табиғи өсіп жетілген қарағайларда өте сирек кездеседі. Көбінесе олар қолдан отырғызылған қарағайларға жиі қоныстанады. Осы зиянкестердің әсерінен қылқан жапырақты зиянкестері зақымдалған ағаштан, сау қарағайдың қылқанына келіп қоныстанады да зақымдайды. Соның нәтижесінде ағаштың қылқаны жарақаттанады, органикалық заттардың таралуы, тасымалдануы шектеледі. Бұл жағдайда олар бірінші реттік зиянкестер болып табылады.

«Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлы алқа ағаштарының жағдайын орманшылық тұрғысынан бағалау және зиянкестердің теріс әсерінің пайда болуын зерттеп, олардың алдын алу тәсілдерін құру және болашақта сол аудандарда табиғи жаңару мен екпе

орманды қалыптастыруда зиянкестер ошағынан таза алқа ағаштың қалыптасуына жағдай жасау тұрғысынан қолға алынып, зерттеу жүргізілген жұмыс маңызды және өзекті болып табылады. Сондай-ақ, Б.М.Мусаеваның жүргізген зерттеулердің нәтижесі бойынша енгізу актілері бар: 1) МОТР «Ертіс Орманы» директоры Қ.Т.Байболов бекіткен ғылыми-техникалық әзірлемелерді және озық тәжірибені өндіріске енгізу туралы акт 27.11.2019 ж; 2) КеАҚ «Торайғыров Университет» проректоры П.О.Быковтың бұйрығымен бекітілген диссертациялық жұмыстың нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу актісі 06.09.2021 ж; 3) «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасының орынбасары Е.Н.Нысанбаевпен бекітілген диссертациялық жұмыстың нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу актісі 10.09.2021 ж.

#### **5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз рецензиялардың мысалдарымен).**

Диссертациялық кеңестің отырыстарында диссертациялық жұмыстардың ресми рецензенттері бекітілді, олар докторанттың зерттеу саласындағы жетекші отандық ғалымдар, басылымдарда мақаланың санының жеткіліктілігі, сонымен қатар ғылыми бюджеттік бағдарламаларға қатысу тәжірибесінің болуы.

Ұсынылған жазбаша пікірлер диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің талаптарына сәйкес дайындалды және олар докторанттың ғылыми зерттеулеріне объективті баға береді және тиісті мамандықтар бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды. Осылайша, ресми рецензенттердің жұмысы талапқа сай болды. Еш жағымсыз пікірлер болған жоқ.

#### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

Қорғауға уақытылы шығуды ұйымдастыру үшін немесе оқуды аяқтағаннан кейін екі жыл ішінде докторантураны бітірген талапкерлермен ғылыми кеңесшілері арқылы жұмыс жүргізу қажет.

#### **7. Дайындық бағыттары бойынша философия докторы (PhD), доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялар саны:**

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа университеттердің докторанттары) – 8D083 «Орман шаруашылығы» дайындау бағыты бойынша 1;

2) диссертациялар қараудан шығарылды (оның ішінде басқа университеттердің докторанттары) – 0;

3) рецензенттерден теріс пікірлер алынған диссертациялар (оның ішінде басқа университеттердің докторанттары) – 0;

4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа университеттердің докторанттары) – 0;

5) қайта қарауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа университеттердің докторанттары) – 0;

6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар (оның ішінде басқа университеттердің докторанттары) – 0.

**Диссертациялық  
кеңестің төрағасы**

**Сарсекова Дани Нургисаевна**

**Диссертациялық кеңестің  
ғылыми хатшысы**

**Байтеленова Алия Аскеровна**

М.ө.

Күні 04.01.2023 ж.

